

**Қазақстан Республикасы**  
**Стратегиялық жоспарлау және**  
**реформалар агенттігінің**  
**Ұлттық статистика бюросының басшысы**  
**2022 жылғы «24» тамыздағы**  
**№ 17 бұйрығына 2-қосымша**  
 Приложение 2 к приказу  
 Руководитель Бюро национальной статистики  
 Агентства по стратегическому планированию  
 и реформам Республики Казахстан  
 от «24» августа 2022 года № 17

**Қазақстан Республикасы**  
**Ұлттық экономика министрлігінің**  
**Статистика комитеті төрағасының**  
**2020 жылғы «21» қаңтардағы**  
**№ 5 бұйрығына 2-қосымша**  
 Приложение 2 к приказу  
 Председателя Комитета по статистике  
 Министерства национальной экономики  
 Республики Казахстан  
 от «21» января 2020 года № 5

**«Инновациялық қызмет туралы есеп» (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық)**  
**жалпы мемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**  
 Инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения  
 «Отчет об инновационной деятельности» (индекс 1-инновация, периодичность годовая)

<p>1. Осы нұсқаулық «Инновациялық қызмет туралы есеп» (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысанын) толтыруды нақтылайды.</p> <p>2. Осы нұсқаулықта келесі анықтама пайдаланылады:</p> <p>ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер.</p>	<p>1. Настоящая инструкция детализирует заполнение статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет об инновационной деятельности» (индекс 1-инновация, периодичность годовая) (далее – статистическая форма).</p> <p>2. В настоящей Инструкции используется следующее понятие:</p> <p>научные исследования – прикладные, фундаментальные, стратегические научные исследования, осуществляемые субъектами научной и (или) научно-технической деятельности в рамках научно-исследовательских, опытно-конструкторских и технологических работ, подлежащими научными методами и средствами в целях достижения результатов научной и (или)</p>
--	---

3. Инновациялық қызмет идеяларды нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімге, практикалық қызметте пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процеске трансформациялауға байланысты қызмет түрі, жиынтығында инновацияға алып келетін ғылыми-техникалық, ұйымдық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралар кешенін көздейтін әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге бастайтын жаңа тәсілді білдіреді.

Өнім (тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер) енгізілген сәтінен бастап үш жыл ішінде инновациялық болып саналады.

4. 2-бөлімнің 2.1-жолында есепті кезеңде ұйымдардың тізімдерінде есепте тұрған, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс істейтін және жұмыс берушінің актілерін орындайтын барлық қызметкерлер, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар жататын қызметкерлердің тізімдік саны көрсетіледі.

2-бөлімнің 2.2.1-жолында өнімдік инновацияға техникалық сипаттамаларда, компоненттерде және материалдарда, кіріктірілген бағдарламалық қамтамасыз етуде, пайдаланушыға қатысты достастық дәрежесінде немесе басқа да функционалдық сипаттамаларда елеулі жетілдірулерді қоса алғанда, олардың қасиеттері немесе пайдалану тәсілдері бөлігінде жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған болып табылатын тауарды немесе қызметті енгізу жатады.

2-бөлімнің 2.2.2-жолында бизнес-процестер инновацияларына фирманың алдыңғы өнімдерінен немесе бизнес-процестерінен айтарлықтай ерекшеленетін және фирма нарыққа енгізген немесе пайдалануға берген жаңа немесе жетілдірілген өнім немесе бизнес-процесс (немесе екеуінің комбинациясы) жатады.

5. 3-бөлімнің 3.4-жолында тауар (көрсетілетін қызмет) нарығы және (немесе) ұйым үшін жаңа болып табылатын өткізілген инновациялық (тауар, көрсетілетін қызмет) өнімнің көлемі көрсетіледі. Өткізілген инновациялық өнімнің жалпы көлемі 1.1 және 1.2-жолдардың қосындысынан тұрады.

3-бөлімнің 1.1 және 1.2-жолдарында есепті жылы өткізілген инновациялық өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтердің) көлемі – тауар нарығы үшін немесе ұйымы үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тиіп жөнелтілген көлемі көрсетіледі.

Сипаттамасы немесе мақсаты бойынша ұйым бұрын өндірген өнімдерден едәуір ерекшеленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жаңа өнімдер болып есептеледі. Жаңа технологиялар пайдаланылған жаңа өнімдер алғашқы микропроцессорлар немесе сандық фотоаппараттар деп есептеледі.

Егер енгізілген тауар немесе көрсетілетін қызмет тауар нарығы үшін жаңа болып табылатын болса, онда аталған тауардың немесе көрсетілетін қызметтің өткізілген көлемі тек 1.1-жолда көрсетіледі, ал 1.2-жолда көрсетілмейді, өйткені тауар ұйым үшін ғана жаңа емес. 1.2-жолда тауар нарығы үшін жаңа емес, бірақ ұйым үшін

научно-технической деятельности.

3. Под инновационной деятельностью понимается вид деятельности, связанный с трансформацией идей в новый или усовершенствованный продукт, внедренный на рынке, в новый или усовершенствованный технологический процесс, использованный в практической деятельности, новый подход к социальным услугам, который предполагает комплекс научно-технических, организационных, финансовых и коммерческих мероприятий, которые в совокупности приводят к инновациям.

Продукция (товары или услуги) считается инновационной в течение трех лет с момента внедрения.

4. В строке 2.1 раздела 2 указывается списочная численность работников, к которой относятся все работники, числящиеся в списках организаций в отчетном периоде, выполняющие работу по определенной специальности, квалификации или должности и с исполнением актов работодателя, а также лица, занятые на общественных началах.

В строке 2.2.1 раздела 2 к продуктовой инновации относится внедрение товара или услуги, являющихся новыми или значительно улучшенными по части их свойств или способов использования, включая значительные усовершенствования в технических характеристиках, компонентах и материалах, во встроенном программном обеспечении, в степени дружелюбности по отношению к пользователю или в других функциональных характеристиках.

В строке 2.2.2 раздела 2 к инновациям бизнес-процессов относятся новый или улучшенный продукт или бизнес-процесс (или их комбинация), который значительно отличается от предыдущих продуктов или бизнес-процессов фирмы и который был представлен на рынке или введен в эксплуатацию фирмой.

5. В строке 3.4 раздела 3 указываются объемы реализованной инновационной продукции (товаров, услуг), являющиеся новыми для рынка товаров (услуг) и (или) для организации. Общий объем реализованной инновационной продукции складывается из строк 1.1 и 1.2.

В строках 1.1 и 1.2 раздела 3 указываются объемы реализованной инновационной продукции (товаров, услуг) за отчетный год – объем отгруженных новых или значительно усовершенствованных товаров (услуг), являющиеся новыми для рынка товаров или новыми для организации.

Новыми продуктами считаются товары и услуги, значительно отличающиеся по своим характеристикам или назначению от продуктов, производившихся организацией ранее. Новыми продуктами, где использовались новые технологии, считаются первые микропроцессоры или цифровые фотоаппараты.

Если внедренный новый товар или услуга являются новыми для рынка товаров, то объем реализации данного товара или услуги указывается только в строке 1.1, а в 1.2 данный объем не указывается, так как товар является новым не только для

ғана инновациялық болып табылатын тауарды немесе қызметтерді өткізу көлемі көрсетіледі. Сәйкесінше, осы жолдардағы деректер қайталанбауы тиіс.

6. 4-бөлімнің 4.1-тармағы 4.1.1-жолында тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер өндіруде (өндіріс желісінде жаңа автоматтандырылған жабдықты орнату немесе жобалық-конструкторлық жұмыстарды компьютерлендіру) қолданылатын технологиялық рәсімдер, жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын тауарларды (көрсетілетін қызметті) өндіру тәсілдері көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.2-жолында фирманың логистикасын қозғайтын және шығыс материалдарымен жабдықтауда, фирмаішілік жабдықтауда және түпкілікті өнімді жеткізуде пайдаланылатын жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияны біріктіретін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) жеткізу әдістері немесе өткізу әдістері (штрих-код арқылы тауарлардың орын ауыстыруын есепке алуды немесе көлік құралдарының орын ауыстыруын қадағалауда белсенді радиожиілік жүйесін енгізу) көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.3-жолында жарнаманы (өнімді ілгерілету және орналастыру, өнімді орау), тікелей маркетингі, көрмелер мен жәрмеңкелерді, маркетингтік зерттеулерді және жаңа нарықтарды игеру жөніндегі басқа да іс-шараларды қоса алғанда, маркетингтік әдістер көрсетіледі. Бұдан басқа баға белгілеудің стратегиялары мен әдістері, сондай-ақ қолдау қызметінің жұмысы және клиенттерді қолдау жөніндегі басқа да іс-шаралар көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.4-жолында аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету; деректер мен дерекқорды өңдеу; техникалық қызмет көрсету және жөндеу; веб-хостинг және компьютерлік ақпаратпен байланысты басқа да қызмет түрлерін қоса алғанда, ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.5-жолында жұмыс міндеттерін ұйымдастыруды қоса алғанда, бизнесті стратегиялық және жалпы басқару; корпоративтік басқару (заң, жоспарлау және жұртшылықпен байланыс); бухгалтерлік есеп, аудит, төлемдер және басқа да қаржылық немесе сақтандыру операциялары; адами ресурстарды басқару (оқыту, персоналды іріктеу, жұмыс орындарын ұйымдастыру және басқалар); сатып алу; сыртқы ұйымдармен қарым-қатынасты басқару бойынша әдістер көрсетіледі.

4-бөлімнің 4.1.6-жолында кәсіпорынның өнімдерін немесе бизнес-процестерін айқындау, әзірлеу және бейімдеу жөніндегі қызмет көрсетіледі. Бұл қызмет жүйелі немесе бір реттік негізде жүзеге асырылуы мүмкін және кәсіпорын ішінде жүзеге асырылуы немесе сыртқы көздерден алынуы мүмкін.

7. 5-бөлімде үш жылға инновациялық қызметтер және өнімдік және бизнес-процестік инновацияларды құруға жұмсалған есепті жылдағы шығыстар көрсетіледі.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) адам, мәдениет және қоғам туралы білімді қоса алғанда білім

организации. В 1.2 нужно отражать объем реализации товара или услуги, являющегося инновационным только для организации, но не являющимся новым на рынке товаров. Соответственно, данные в этих строках не дублируются.

6. В строке 4.1.1 пункта 4.1 раздела 4 указываются методы производства товаров (услуг), включающие в себя технологические процедуры, оборудование и программное обеспечение, применяемые в производстве товаров или услуг (установка нового автоматизированного оборудования на производственной линии или компьютеризация проектно-конструкторских работ).

В строке 4.1.2 раздела 4 указываются методы доставки или методы реализации товаров (услуг), затрагивающие логистику фирмы и объединяют в себе оборудование, программное обеспечение и технологии, используемые в снабжении исходными материалами, внутрифирменном снабжении и доставке конечной продукции (внедрение учета перемещений товаров с помощью штрих-кода или активной радиочастотной системы отслеживания перемещений транспортных средств).

В строке 4.1.3 раздела 4 указываются маркетинговые методы, включая рекламу (продвижение и размещение продукции, упаковка продукции), прямой маркетинг, выставки и ярмарки, маркетинговые исследования и другие мероприятия по освоению новых рынков. Кроме того, указываются стратегии и методы ценообразования, а также деятельность службы поддержки и другие мероприятия по поддержке клиентов.

В строке 4.1.4 раздела 4 указываются использование и техническое обслуживание информационно-коммуникационных систем, включая: аппаратное и программное обеспечение; обработку данных и базы данных; техническое обслуживание и ремонт; веб-хостинг и другие виды деятельности, связанные с компьютерной информацией.

В строке 4.1.5 раздела 4 указываются методы по: стратегическому и общему управлению бизнесом, включая организацию рабочих обязанностей; корпоративного управления (юридическое, планирование и связи с общественностью); бухгалтерского учета, аудита, платежам и другим финансовым или страховым операциям; управлению человеческими ресурсами (обучение, набор персонала, организация рабочих мест и другие); закупкам; управлению отношениями со сторонними организациями.

В строке 4.1.6 раздела 4 указывается деятельность по определению, разработке и адаптации продуктов или бизнес-процессов предприятия. Эта деятельность может осуществляться на системной или на едино разовой основе и выполняться внутри предприятия или получаться из внешних источников.

7. В разделе 5 отражаются инновационная деятельность за три года и расходы на создание продуктовых и бизнес-процессных инноваций за отчетный год.

<p>қорын арттыру мақсатында жүйелі түрде жүргізілетін және осы білімді пайдалану тәсілдерін жоспарлау туралы шығармашылық жұмысты қамтиды.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.1-жолында ұйымның өзі орындайтын, ҒЗТҚЖ-ға жатқызылатын барлық ішкі ҒЗТҚЖ-ның нақты бары немесе жоғы көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.2-жолында ұйымның шегінен тыс сатып алынған ҒЗТҚЖ-ның нақты бары көрсетіледі. Бұл басқа ұйымдар немесе мемлекеттік, жеке ғылыми-зерттеу институттары жүргізген ҒЗТҚЖ-лардың сатып алынуы.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.3-жолында ұйымның азық-түлік және бизнес-процесс инновацияларын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін заманауи машиналарды, жабдықтар мен жер учаскелері мен ғимараттарды сатып алуды қамтитын іргелі тауарларды сатып алу жөніндегі қызметі көрсетіледі, бұған ҒЗТҚЖ-да ескерілмеген елеулі жақсартулар, қайта жасау және жөндеу кіреді.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.4-жолында инновацияны әзірлеу және енгізуге байланысты әртүрлі қалыптағы және әртүрлі көздерден алынған технологиялар мен ноу-хаулар көрсетіледі. Сатып алынатын сыртқы білімдер мен технологиялар патенттер, патентсіз өнертабыстар, лицензиялар, ашық ноу-хаулар, сауда таңбалары, техникалық жобалар мен үлгілер нысанында болады, сондай-ақ өнімдік және бизнес-процестік инновацияларды дайындау және жүзеге асыру үшін компьютерлік және басқа да ғылыми-техникалық қызметтерді қамтиды.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.5-жолында өнімдік және бизнес-процестік инновацияларды құру бойынша инновациялық қызметтерге қатысты кадрларды дайындау және оқыту іс-шаралары көрсетіледі. Бұл жолда ҒЗТҚЖ-да ескерілген оқыту түрлері көрсетілмейді. Сонымен қатар жаңадан қабылданған қызметкерлерді өндірістің қалыптасқан әдістеріне оқыту, жекелеген адамдардың жалпы біліктілігін арттыру сияқты оқытулар инновациялық қызмет болып табылмайтыны ескеріледі.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.6-жолында нарыққа жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарларды және көрсетілетін қызметтерді шығару үшін нарықты алдын ала зерттеу, маркетингтік сынақтар және жарнамалық науқанды іске қосу ескеріледі.</p> <p>5-бөлімнің 5.1.7-жолында өнімдік инновацияның контексінде өнімнің дизайны көрсетіледі. Бұл жағдайда оның техникалық ерекшеліктеріндегі, тұтынушылық және функционалдық сипаттамасындағы өзгерістер дизайнға жатады, яғни, өнімнің функционалдық сипаттамаларындағы немесе пайдаланудың болжалды әдістерінің айтарлықтай жақсаруы.</p> <p>5.2-бөлімде өнімдік және бизнес-процестер инновацияларын құруға жұмсалған шығындар көрсетіледі.</p> <p>5.2-бөлімнің 1.1-жолында 5.1.1-тармақта көрсетілген ішкі ҒЗТҚЖ-ны орындауға жұмсалған шығындар сомасы көрсетіледі.</p> <p>5.2-бөлімнің 1.2-жолында 5.1.2-тармақта көрсетілген сыртқы ҒЗТҚЖ-ға кеткен шығындар сомасы, 5.2-бөлімнің 1.3-жолында 5.1.3-тармақта көрсетілген, тауарларды</p>	<p>Научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы (далее – НИОКР) включают в себя творческую работу, проводимую на систематической основе с целью увеличения запаса знаний, включая знания о человеке, культуре и обществе, и планирование способов применения этих знаний.</p> <p>В строке 5.1.1 раздела 5 отражается наличие или отсутствие внутренних научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ, к которым относятся все НИОКР, выполняемые самой организацией.</p> <p>В строке 5.1.2 раздела 5 отражается наличие НИОКР, приобретенных за пределами организации. Это приобретенные НИОКР, проведенные другими организациями или государственными, частными научно-исследовательскими институтами и приобретенные организацией.</p> <p>В строке 5.1.3 раздела 5 отражается деятельность организации по приобретению современных машин, оборудования и капитальных товаров, включающие в себя приобретение земельных участков и зданий для осуществления деятельности по созданию продуктовых и бизнес-процессных инноваций, сюда же входят существенные улучшения, переделки и ремонт, не учтенные в НИОКР.</p> <p>В строке 5.1.4 раздела 5 отражается приобретение технологий и ноу-хау в различных формах и из разнообразных источников, связанные с разработкой и внедрением инноваций. Приобретаемые внешние знания и технологии имеют форму патентов, беспатентных изобретений, лицензий, раскрытых ноу-хау, торговых марок, технических проектов и образцов, а также включать компьютерные и другие научно-технические услуги для подготовки и осуществления продуктовых и бизнес-процессных инноваций.</p> <p>В строке 5.1.5 раздела 5 отражаются мероприятия по обучению и подготовке кадров, относящиеся к инновационной деятельности по созданию продуктовых и бизнес-процессных инноваций. В данной строке не учитываются виды обучения, учтенные в НИОКР. Также учитывается, что инновационной деятельностью не является обучение новых сотрудников уже существующим методам производства, повышение общей квалификации отдельных лиц.</p> <p>В строке 5.1.6 раздела 5 учитываются предварительные исследования рынка, маркетинговые испытания и запуск рекламной кампании для вывода на рынок новых или значительно улучшенных товаров и услуг.</p> <p>В строке 5.1.7 раздела 5 отражается дизайн продукта в контексте продуктовой инновации. В данном случае к дизайну относятся изменения в его технических особенностях, потребительских и функциональных характеристиках, то есть значительные улучшения в функциональных характеристиках или предполагаемых способах использования продукта.</p> <p>В разделе 5.2 отражаются затраты на создание продуктовых и бизнес-процессных инноваций.</p>
---	--

және жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындар сомасы көрсетіледі.

5.2-бөлімнің 1.4-жолында 5.1.4-тармақта көрсетілген, сыртқы көздерден білімді сатып алуға кеткен шығындар сомасы көрсетіледі, 5.2-бөлімнің 1.5-жолында жобалау, сынақтан өткізу және бағалау, жөндеу және инжиниринг сияқты жаңа өнімдер және бизнес процестерді құруды жоспарлаудың дайындық кезеңдері көрсетіледі. Осы шығындарға жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа енгізу үшін нарықты алдын-ала зерттеу, маркетингтік сынақтан өткізу және жарнамалық науқанды жүргізу жатқызылады. Кадрларды оқыту мен даярлау өнімдік және бизнес процестік инновацияларды құру бойынша инновациялық қызметтің түрі болып табылады. Мұнда ҒЗТҚЖ жолында ескерілген оқыту түрлері есепке алынбайды. Жаңадан қабылданған қызметкерлерді өндірістің қалыптасқан әдістеріне оқыту, жекелеген адамдардың жалпы біліктілігін арттыру инновациялық қызмет болып табылмайды.

8. 5.5-бөлімде инновацияға қаржыландыру көздері бойынша инновацияларға жұмсалған көлемі көрсетіледі. Мұнда күрделі және ағымдағы шығындар ескеріледі.

Ағымдағы инновациялық шығыстар еңбекке жұмсалған шығындардан және өзге де ағымдағы шығындардан тұрады.

Еңбекке жұмсалған шығындар жыл сайынғы жалақы төлеуге кеткен шығындарды және осыған қатысты сыйақы және демалыс ақысы төлемдері, зейнетақы қорына аударымдар және өзге де әлеуметтік сақтандырулар, жалақыдан салықтар және басқалары сияқты барлық қосымша төлемдерді қамтиды. Инновациялық қызметке тартылмаған жұмысшылар персоналының (күзет, қосалқы персонал) еңбегіне кеткен шығындар бұл айқындамадан алынып тасталады және өзге ағымдағы шығыстар ретінде есепке алынады.

Ағымдағы өзге де шығындарға есепті жылы ұйымдағы инновациялық қызметті қамтамасыз ету үшін материалдарды сатып алуға және жеткізуге, көрсетілетін қызметтер мен жабдықтарға жұмсалған күрделі емес шығындар кіреді.

Инновацияға салынған күрделі шығындар ішкі ҒЗТҚЖ-ға кеткен шығындарды қамтиды, бұл тиісінше машиналарды, жабдықтарды және басқа да күрделі тауарларды сатып алу.

Инновацияға жұмсалған шығындарды қаржыландыру көздері – басынан бастап осы мақсаттарға (ағымдағы және күрделі шығындарға қолданылатын) арналған және нақты пайдаланылған қаражаттарды тапсырыс берушіден орындаушыға тікелей беру өлшемшарттары бойынша анықталатын инновациялық қызметті жүзеге асыруға ақшалай қаражаттардың алғашқы көздері. Қаржыландыру көздерінің құрамында: инновацияны жүзеге асыратын ұйымның меншікті қаражаттары, республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары, шетелдік қаражаттар – ұйымның (кәсіпорын) мемлекеттің саяси емес шекараларында орналасқан заңды және жеке тұлғалардан, сонымен қатар халықаралық ұйымдардан алынатын қаражаттар, өзге де

В строке 1.1 раздела 5.2 указывается сумма затрат на выполнение внутренних НИОКР, отраженных в пункте 5.1.1.

В строке 1.2 раздела 5.2 указывается сумма затрат на внешние НИОКР, отраженных в пункте 5.1.2, в строке 1.3 раздела 5.2 – сумма затрат на приобретения товаров и оборудования, отраженные в пункте 5.1.3.

В строке 1.4 раздела 5.2 указывается сумма затрат на приобретение знаний из внешних источников, отраженных в 5.1.4, в строке 1.5 раздела 5.2 – подготовительные этапы планирования создания новых продуктов и бизнес-процессов, такие как проектирование, испытание и оценка, наладка и инжиниринг. В эти затраты включаются предварительные исследования рынка, маркетинговые испытания и запуск рекламной кампании для вывода на рынок новых или значительно улучшенных товаров и услуг. Обучение и подготовка кадров является видом инновационной деятельности по созданию продуктовых и бизнес-процессных инноваций. Здесь не учитываются виды обучения, учтенные в строке НИОКР. Инновационной деятельностью не является обучение новых сотрудников уже существующим методам производства, повышение общей квалификации отдельных лиц.

8. В разделе 5.5 отражается объем затрат на инновации по источникам финансирования. Здесь учитываются капитальные и текущие затраты.

Текущие инновационные расходы состоят из затрат на труд и прочих текущих затрат.

Затраты на труд включают ежегодные затраты на заработную плату и все связанные с ними дополнительные выплаты, такие как премиальные и отпускные, отчисления в пенсионный фонд и прочие отчисления на социальное страхование, налоги с заработной платы и прочие. Затраты на труд персонала работников, не вовлеченных в инновационную деятельность (охрана, вспомогательный персонал), исключаются из этой позиции и должны учитываться как прочие текущие затраты.

Прочие текущие затраты включают в себя некапитальные затраты на приобретение материалов и оплату поставок, услуг и оборудования для обеспечения инновационной деятельности организации в отчетном году.

Капитальные затраты на инновации включают затраты на внутренние НИОКР, соответственно это приобретение машин, оборудования и других капитальных товаров.

Источники финансирования затрат на инновации – первичные источники денежных средств на осуществление инновационной деятельности, которые определяются по критерию прямой передачи средств, изначально предназначенных и фактически использованных на эти цели (применительно к текущим и капитальным затратам), от заказчика исполнителю. В составе источников финансирования рассматриваются: собственные средства организаций, осуществляющих инновации,

<p>қаражаттар – банктердің қарыздары, заңды тұлғалардың қаражаттары (дамыту институттарынан басқа), венчурлық қорлар қарастырылады.</p> <p>5.5-бөлімнің 1.2.1.1-жолында инновациялық грантты ұсынудың басым бағыттары шеңберінде индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін индустриалды-инновациялық қызмет субъектілеріне қайтарымсыз негізде ұсынылатын бюджет қаражаттары көрсетіледі.</p> <p>9. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<a href="https://cabinet.stat.gov.kz/">https://cabinet.stat.gov.kz/</a>) орналастырылған «Респонденттің кабинеті» арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.</p> <p>10. Арифметикалық-логикалық бақылау:</p> <p>5.2-бөлім:</p> <p>1-жол = <math>\sum</math> 1.1 – 1.6-жолдарға;</p> <p>строка 1 <math>\geq</math> строки 2.</p> <p>5.5-бөлім:</p> <p>1-жол = <math>\sum</math> 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5-жолдар;</p> <p>1.2-жол <math>\geq</math> 1.2.1-жол;</p> <p>1.2.1-жол <math>\geq</math> 1.2.1.1-жол;</p> <p>1.5-жол <math>\geq</math> 1.5.1-жол;</p> <p>1.5.1-жол <math>\geq</math> 1.5.1.1-жол;</p> <p>1.5-жол <math>\geq \sum</math> 1.5.1, 1.5.2, 1.5.3-жолдар.</p>	<p>средства республиканского и местного бюджета, иностранные средства – средства, получаемые организацией (предприятием) от юридических и физических лиц, находящихся вне политических границ государства, а также от международных организаций, прочие средства – займы банков, средства юридических лиц (кроме институтов развития), венчурные фонды.</p> <p>В строке 1.2.1.1 раздела 5.5 отражаются бюджетные средства, предоставляемые субъектам индустриально-инновационной деятельности на безвозмездной основе для реализации их индустриально-инновационных проектов в рамках приоритетных направлений предоставления инновационных грантов.</p> <p>9. Представление данной статистической формы осуществляется в электронном виде или на бумажном носителе. Заполнение статистической формы в электронном виде осуществляется через «Кабинет респондента» (<a href="https://cabinet.stat.gov.kz/">https://cabinet.stat.gov.kz/</a>), размещенном на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, в режиме он-лайн.</p> <p>10. Арифметико-логический контроль:</p> <p>Раздел 5.2:</p> <p>строка 1 = <math>\sum</math> строк 1.1 – 1.6;</p> <p>строка 1 <math>\geq</math> строки 2.</p> <p>Раздел 5.5:</p> <p>строка 1 = <math>\sum</math> строк 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5;</p> <p>строка 1.2 <math>\geq</math> строки 1.2.1;</p> <p>строка 1.2.1 <math>\geq</math> строки 1.2.1.1;</p> <p>строка 1.5 <math>\geq</math> строки 1.5.1;</p> <p>строка 1.5.1 <math>\geq</math> строки 1.5.1.1;</p> <p>строка 1.5 <math>\geq \sum</math> строк 1.5.1, 1.5.2, 1.5.3.</p>
--	--